| | |
|---|---|
| Kaspi.kz АҚ акционерлерінің<br>Кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілді<br>(2024 ж. «19» қарашадағы № 4-24 хаттама) | УТВЕРЖДЕН решением<br>Внеочередного Общего собрания акционеров<br>АО Kaspi.kz<br>(Протокол № 4-24 от «19» ноября 2024 г.) |
| **Kaspi.kz акционерлік қоғамының**<br>**ЖАРҒЫСЫ** | **УСТАВ**<br>**Акционерного общества**<br>**Kaspi.kz** |
| | |
| **1-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ** | **ГЛАВА 1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА** |
| 1.1. Қоғамның толық атауы:<br>қазақ тілінде – **Kaspi.kz акционерлік қоғамы**;<br>орыс тілінде – **Акционерное общество Kaspi.kz**;<br>ағылшын тілінде – **Joint Stock Company Kaspi.kz**.<br>Қоғамның қысқартылған атауы:<br>қазақ тілінде – **Kaspi.kz АҚ**;<br>орыс тілінде – **АО Kaspi.kz**;<br>ағылшын тілінде – **JSC Kaspi.kz**.<br>1.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Наурызбай батыр к-сі, 154 «А». | 1.1. Полное наименование Общества:<br>на казахском языке – **Kaspi.kz Акционерлік қоғамы**;<br>на русском языке – **Акционерное общество Kaspi.kz**;<br>на английском языке – **Joint Stock Company Kaspi.kz**.<br>Сокращенное наименование Общества:<br>на казахском языке – **Kaspi.kz АҚ**;<br>на русском языке – **АО Kaspi.kz**;<br>на английском языке – **JSC Kaspi.kz**.<br>1.2. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050013, г. Алматы, Бостандыкский район, ул. Наурызбай батыра 154 «А». |
| **2-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ** | **ГЛАВА 2. ПРАВОВОЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА** |
| 2.1. Kaspi.kz акционерлік қоғамы (бұдан әрі Жарғының мәтіні бойынша – Қоғам) заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүргізеді.<br>2.2. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі дербес негізде жүргізіледі.<br>2.3. Қоғамның дербес балансы, банктік және басқа да шоттары бар, өзінің атауы көрсетілген мөрі бар.<br>2.4. Қоғамның өзінің тауарлық белгісі, қызмет көрсету белгісі мен символикасы бар, олардың үлгілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітіліп, тіркеледі.<br>2.5. Қоғамның қызметінің мерзімі шектелмеген. | 2.1. Акционерное общество Kaspi.kz (далее по тексту Устава – Общество) является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.<br>2.2. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на самостоятельной основе.<br>2.3. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские и другие счета, имеет печать с указанием своего наименования.<br>2.4. Общество имеет свой товарный знак, знак обслуживания и символику, образцы, которых утверждаются и регистрируются в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.<br>2.5. Срок деятельности Общества не ограничен. |
| **3-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ** | **ГЛАВА 3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ** |

| МЕН МАҚСАТТАРЫ | ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА |
|---|---|
| 3.1. Қоғамның қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметінен таза табыс алу. | 3.1. Целью деятельности Общества является получение чистого дохода от незапрещенной законодательством Республики Казахстан деятельности. |
| 3.2. Қоғамның қызметінің мәні: | 3.2. Предметом деятельности Общества является: |
| 1) инвестициялық-қаржылық қызмет; | 1) инвестиционно-финансовая деятельность; |
| 2) өз мұқтаждықтары үшін мүлікті сатып алу-сату; | 2) купля-продажа имущества для собственных нужд; |
| 3) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметін ұсыну; | 3) предоставление консультационных услуг по вопросам, связанным с финансовой деятельностью; |
| 4) пошта арқылы тапсырыс беру немесе Интернет желісі арқылы бөлшек сауда; | 4) розничная торговля путем заказа товаров по почте или через сеть Интернет; |
| 5) жарнама агенттіктерінің қызметі; | 5) деятельность рекламных агентств; |
| 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері. | 6) другие виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан. |
| 3.3. Қоғам тиісті қызмет түріне берілген лицензияны белгіленген тәртіппен алғаннан кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында лицензиялануы көзделген қызмет түрлерін жүргізеді. | 3.3. Виды деятельности, лицензирование которых предусмотрено действующим законодательством Республики Казахстан, Общество осуществляет после получения в установленном порядке лицензии на соответствующий вид деятельности. |
| **4-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **ГЛАВА 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОБЩЕСТВА** |
| 4.1. Қоғамның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтары бар. | 4.1. Общество имеет права, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 4.2. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқарады. | 4.2. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества. |
| 4.3. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындардың тәуекелдерін көтереді. | 4.3. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан. |
| 4.4. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алып, жүзеге асыра алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасай алады. | 4.4. Общество может от своего имени заключать сделки (договоры, контракты), приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, и обязанности, выступать истцом или ответчиком в суде, а также осуществлять другие действия, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан. |
| 4.5. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкінің есебінен негізгі және айналымдық қаражат бере алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес | 4.5. Общество может создавать свои филиалы и представительства в Республике Казахстан и за рубежом, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества и определять порядок их деятельности в соответствии |

| | |
|---|---|
| олардың қызметінің тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында ескеріледі. | с действующим законодательством Республики Казахстан. Имущество филиала или представительства учитывается на их отдельном балансе и балансе Общества в целом. |
| 4.6. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін Қоғам тағайындайтын адамдар басқарады. Филиалдың басшысы мен өкілдіктің басшысы Қоғамнан алынған сенімхаттың негізінде қолданылатын заңнамаға сәйкес әрекет етеді. | 4.6. Руководство деятельностью филиалов или представительств осуществляют лица, назначаемые Обществом. Руководитель филиала и руководитель представительства действуют на основании доверенности, полученной от Общества, и в соответствии с применимым законодательством. |
| 4.7. Қоғам оның қызметіне қажет экспорттық және импорттық мәмілелерді қосқанда, сыртқы экономикалық операцияларды дербес жүргізе алады. | 4.7. Общество вправе самостоятельно осуществлять внешнеэкономические операции, включая право совершать экспортные и импортные сделки, необходимые для его деятельности. |
| 4.8. Қоғамның өз қызметін жүргізуге қажетті үй-жайларды, жерді, сондай-ақ түрлі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті салуға, сатып алуға, жалға алуға құқығы бар. | 4.8. Общество имеет право строить, приобретать, брать в аренду необходимые для осуществления своей деятельности помещения, землю, а также всякого рода движимое и недвижимое имущество. |
| 4.9. Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыра алады. | 4.9. Общество может осуществлять также и другие права, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом. |
| 4.10. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі бар | 4.10. Общество имеет Кодекс корпоративного управления. |
| **5-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **ГЛАВА 5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА** |
| 5.1. Қазақстан Республикасының заңды және (немесе) жеке тұлғалары Қоғамның акционерлері бола алады.<br><br>Шетелдік заңды және жеке тұлғалар Қоғамның қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қатыса алады.<br><br>5.2. Қоғамның акционерінің:<br><br>1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;<br><br>2) дивиденд алуға;<br><br>3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде осы Жарғыда білгеленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;<br><br>4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;<br><br>5) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;<br><br>6) Қоғамның органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен даулауға;<br><br>7) Қоғамның органдары Қазақстан | 5.1. Акционерами Общества могут быть юридические и (или) физические лица Республики Казахстан.<br><br>Иностранные юридические и физические лица вправе участвовать в деятельности Общества в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан.<br><br>5.2. Акционер Общества имеет право:<br><br>1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом;<br><br>2) получать дивиденды;<br><br>3) получать информацию о деятельности Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном настоящим Уставом;<br><br>4) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;<br><br>5) предлагать Общему собранию акционеров Общества кандидатуры для избрания в Совет директоров Общества;<br><br>6) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения;<br><br>7) обращаться в государственные органы для |

| | |
|---|---|
| Республикасының заңнамасы мен осы Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге; | защиты своих прав и законных интересов в случае совершения органами Общества действий, нарушающих нормы законодательства Республики Казахстан и настоящего Устава; |
| 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен хабарласуға және Қоғамға сұрату түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде негізделген жауаптар алуға; | 8) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати календарных дней с даты поступления запроса в Общество; |
| 9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бөлігіне; | 9) на часть имущества при ликвидации Общества; |
| 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға; | 10) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан; |
| 11) оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарын бір үміткерге толығымен беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткердің арасында бөлуге құқығы бар. | 11) отдать голоса по принадлежащим ему акциям полностью за одного кандидата или распределить их между несколькими кандидатами в члены Совета директоров; |
| 12) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, заңнамалық актілерге сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға құқығы бар. Осы тармақшада көзделген талапты орындау жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға үшін міндетті; | 12) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества предлагать Совету директоров включить дополнительные вопросы в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с законодательными актами. Выполнение требования, предусмотренного настоящим подпунктом, обязательно для органа или лиц, созывающих общее собрание; |
| 13) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін кезде Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде: | 13) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества при одновременном наличии следующих условий: |
| – Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде; | – установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода); |
| – егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы. | – если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества повлекли возникновение убытков Общества. |
| 5.3. Ірі акционердің сондай-ақ: | 5.3. Крупный акционер также имеет право: |
| 1) кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысының шақырылуын талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оның шақырылуы туралы талап арызбен сотқа жүгінуге; | 1) требовать созыва внеочередного общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа Совета директоров в созыве общего собрания акционеров; |
| 2) Директорлар кеңесінің отырысының шақырылуын талап етуге; | 2) требовать созыва заседания Совета директоров; и |
| 3) аудиторлық ұйымның ірі акционердің есебінен | 3) требовать проведения аудиторской организацией аудита Общества за счет крупного |

| | |
|---|---|
| Қоғамға аудит жүргізілуін талап етуге құқығы бар.<br><br>Қоғамның Жарғысында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді. | акционера.<br><br>Не допускается ограничение прав акционеров, установленных Уставом Общества. |
| 5.4. Акционерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның осы Жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін. | 5.4. Акционеры могут иметь и другие права, предусмотренные настоящим Уставом Общества и действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 5.5. Қоғамның акционері: | 5.5. Акционер Общества обязан: |
| 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге; | 1) оплачивать акции в порядке, предусмотренном настоящим Уставом и действующим законодательством Республики Казахстан; |
| 2) он жұмыс күннің ішінде Қоғамның акциялар ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына хабарлауға; | 2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества; |
| 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге; | 3) не разглашать информацию об Обществе или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну; и |
| 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті. | 4) исполнять иные обязанности в соответствии законодательными актами Республики Казахстан. |
| 5.6. Қоғамның акцияларын сатуды қалайтын адамға Қоғам оларды Қоғамның өзі немесе ұсынылған бағадан асып түсетін бағамен үшінші тұлғалар сатып алуы туралы ұсыныс айтуға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда деректемелері туралы мәліметтер болуы тиіс. Қоғамның бұл құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелері ескеріліп, іске асырылады. | 5.6. Общество имеет право сделать предложение лицу, желающему продать акции Общества, об их покупке самим Обществом или третьими лицами по цене, превышающей предложенную цену. Предложение о покупке должно содержать сведения о количестве акций, цене и реквизитах покупателей в случае приобретения акций третьими лицами. Данное право Общества реализуется с учетом положений законодательства Республики Казахстан. |
| **6-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН МҮЛКІ** | **ГЛАВА 6. УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ И ИМУЩЕСТВО ОБЩЕСТВА** |
| 6.1. Қоғамның Жарғылық капиталы акционерлердің акцияларды олардың номиналды құны бойынша төлеуі және инвесторларға (инвесторға) орналастыру бағасымен сату арқылы қалыптасады. | 6.1. Уставный капитал Общества формируется посредством оплаты акций акционерами по их номинальной стоимости и продажи акций инвесторам (инвестору) по цене размещения. |
| 6.2. Жарғылық капитал Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен, бағалы қағаздармен, мүлікпен, мүліктік құқықтармен, соның ішінде жер пайдалану құқықтарымен, зияткерлік меншік нысандарына берілген құқықтармен қалыптасады. | 6.2. Формирование уставного капитала осуществляется деньгами в национальной валюте Республики Казахстан, ценными бумагами, имуществом, имущественными правами, в том числе правами землепользования, правами на объекты интеллектуальной собственности. |
| 6.3. Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес соттың шешімімен Қоғамның Жарғылық капиталын акцияларды шығару және орналастыру арқылы ұлғайтуға жол беріледі. | 6.3. Увеличение уставного капитала Общества допускается по решению общего собрания акционеров или суда в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан посредством выпуска и размещения акций. |
| 6.4. Қоғамның мүлкі: | 6.4. Имущество Общества формируется за |

| | |
|---|---|
| 1) акционерлердің Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлкінің;<br>2) оның қызметінің нәтижесінде алынған табыстардың;<br>3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын басқа да мүліктің есебінен қалыптасады. | счет:<br>1) имущества, переданного акционерами в оплату акций Общества;<br>2) доходов, полученных в результате его деятельности;<br>3) иного имущества, приобретаемого по основаниям, не запрещенным законодательством Республики Казахстан. |
| **7-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ** | **ГЛАВА 7. АКЦИИ И ДРУГИЕ ЦЕННЫЕ БУМАГИ ОБЩЕСТВА** |
| 7.1. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттандырылмаған нысанда шығарылады. Қоғам өзінің орналастырылған акцияларының бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастауға құқылы. | 7.1. Общество вправе выпускать простые и привилегированные акции. Акции выпускаются в бездокументарной форме. Общество вправе осуществить обмен своих размещенных акций одного вида на акции другого вида |
| 7.2. Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше адамға ортақ меншік құқығында тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер болып танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады. | 7.2. Акция не делима. Если акция принадлежит на праве общей собственности нескольким лицам, все они признаются одним акционером и пользуются правами, удостоверенными акцией, через своего общего представителя. |
| 7.3. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, өндіріп алу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді. | 7.3. Общество вправе выпускать другие ценные бумаги, условия и порядок выпуска, размещения, обращения и погашения которых устанавливаются законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг. |
| 7.4. Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық, осы Жарғыда анықталған тәртіппен дивидендтер алуға, сондай-ақ Қоғамды таратқаннан кейін оның мүлкінің бөлігіне құқық береді. | 7.4. Простая акция предоставляет акционеру право на участие в общем собрании акционеров с правом голоса при решении всех вопросов, выносимых на голосование, право на получение дивидендов в порядке, определенном настоящим Уставом, а также на часть имущества Общества после его ликвидации. |
| 7.5. Артықшылықты акция акционерге осы Жарғыда белгіленген мөлшерде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған жағдайда мүлкінің бөлігіне жай акционерлердің алдында артықшылықты құқық береді. | 7.5. Привилегированная акция дает акционеру преимущественное право перед простыми акционерами на получение дивидендов в размере, установленном настоящим Уставом, и на часть имущества при ликвидации Общества в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах». |
| 7.6. Артықшылықты акция артықшылықты акционерге, осы Жарғының 7-тарауының 7.7.-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға құқық бермейді. | 7.6. Привилегированная акция не предоставляет привилегированному акционеру права на участие в управлении Обществом, за исключением случаев, установленных в пункте 7.7. главы 7 настоящего Устава. |
| 7.7. Егер: | 7.7. Привилегированная акция предоставляет привилегированному акционеру право на участие в управлении Обществом, если: |
| 1) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектейтін шешім қабылданған мәселені қарастырса; Шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс бергенде ғана мұндай мәселе бойынша шешім | 1) Общее собрание акционеров Общества рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за |

| | |
|---|---|
| қабылданған болып саналады. | вычетом выкупленных) привилегированных акций. |
| Артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтары шектейтін шешім қабылданған мәселелерге: | К вопросам, принятие решения по которым может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, относятся вопросы о (об): |
| - артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендің мөлшерін азайту немесе есептеу тәртібін өзгерту; | - уменьшении размера либо изменении порядка расчета размера дивидендов, выплачиваемых по привилегированным акциям; |
| - артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу тәртібін өзгерту; | - изменении порядка выплаты дивидендов по привилегированным акциям; |
| - артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады; | - обмене привилегированных акций на простые акции Общества; |
| 2) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырса; | 2) Общее собрание акционеров Общества рассматривает вопрос о реорганизации либо ликвидации Общества; |
| 3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбесе, Артықшылықты акция артықшылықты акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. | 3) дивиденд по привилегированной акции не выплачен в полном размере в течение трех месяцев со дня истечения срока, установленного для его выплаты. |
| Осы тармақшада көзделген жағдайда артықшылықты акциялардың меншік иесі акционердің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы өзіне тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толық көлемде төлеген күннен бастап тоқтатылады. | В случае, предусмотренном настоящим подпунктом, право акционера-собственника привилегированных акций на участие в управлении Обществом прекращается со дня выплаты в полном размере дивиденда по принадлежащим ему привилегированным акциям. |
| 7.8. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. | 7.8. Государственная регистрация выпуска объявленных акций и представление отчета об итогах размещения акций Общества осуществляется в сроки и порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и уполномоченным органом. |
| 7.9. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімін орталық депозитарий Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес қалыптастырады, жүргізеді және сақтайды. | 7.9. Формирование, ведение и хранение реестра держателей акций Общества осуществляется центральным депозитарием, в соответствии с законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг. |
| 7.10. Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алады. | 7.10. Выкуп Обществом размещенных акций Общества осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| 7.11. Акцияларды кепілге беру мәселесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. | 7.11. Вопросы о залогах акций регулируются действующим законодательством Республики Казахстан. |
| **8-ТАРАУ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР** | **ГЛАВА 8. ПОРЯДОК РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ЧИСТОГО ДОХОДА. ДИВИДЕНДЫ ПО АКЦИЯМ ОБЩЕСТВА** |
| 8.1. Қоғамның таза табысы (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысында анықталған тәртіппен бөлінеді, соның ішінде дивидендтер төленеді. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде көзделген басқа да мақсаттарға жіберіледі. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы | 8.1. Чистый доход Общества (после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет) остается в распоряжении Общества и распределяется в порядке, определенном решением Общего собрания акционеров, в том числе на выплату дивидендов. Оставшаяся часть направляется на развитие Общества или иные цели, предусмотренные решением Общего собрания акционеров. Общее собрание акционеров вправе |

| | |
|---|---|
| бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы. | принять решение о невыплате дивидендов по простым акциям Общества по итогам года. |
| 8.2. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі. | 8.2. Дивиденды по акциям Общества выплачиваются деньгами или ценными бумагами Общества при условии, что решение о выплате дивидендов было принято на общем собрании акционеров простым большинством голосующих акций Общества, за исключением дивидендов по привилегированным акциям. Выплата дивидендов ценными бумагами по привилегированным акциям Общества не допускается. Выплата дивидендов по акциям Общества его ценными бумагами допускается только при условии, что такая выплата осуществляется объявленными ценными бумагами Общества при наличии письменного согласия акционера. |
| 8.3. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:<br>1) меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;<br>2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивиденд есептелмейді. | 8.3. Дивиденды по простым и привилегированным акциям Общества не начисляются:<br>1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала Общества станет отрицательным в результате начисления дивидендов по его акциям;<br>2) если Общество отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о банкротстве либо указанные признаки появятся у Общества в результате начисления дивидендов по его акциям. |
| 8.4. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан жартыжылдық немесе жыл қорытындысы бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана төленеді.<br>Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. | 8.4. Выплата дивидендов по простым акциям Общества по итогам квартала, полугодия или года осуществляется по решению Общего собрания акционеров.<br>Решение о выплате дивидендов по простым акциям Общества по итогам года принимается годовым общим собранием акционеров. |
| 8.5. Қоғамның Директорлар кеңесі бір артықшылықты акцияға кепілдік берілген мөлшерден асатын мөлшерде дивидендтің мөлшерін белгілеуге құқылы. | 8.5. Совет директоров Общества вправе установить размер дивиденда на одну привилегированную акцию в размере, превышающем гарантированный размер. |
| **9-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ** | **ГЛАВА 9. ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА** |
| 9.1. Қоғамның органдары мыналар:<br>1) жоғары органы – акционерлердің Жалпы жиналысы (Жалғыз акционер);<br>2) басқару органы – Директорлар кеңесі;<br>3) атқарушы органы – Басқарма. | 9.1. Органами Общества являются:<br>1) высший орган – Общее собрание акционеров (Единственный акционер);<br>2) орган управления – Совет директоров;<br>3) исполнительный орган – Правление. |
| **10-ТАРАУ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ** | **ГЛАВА 10. ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ** |
| 10.1. Қоғамның жоғары органы – акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып | 10.1. Высшим органом Общества является общее собрание акционеров. Общие собрания акционеров подразделяются на годовые и |

| | |
|---|---|
| бөлінеді. | внеочередные. |
| 10.2. Қоғам қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізеді. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін және акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесі жасалғаннан кейін шақырылуы әрі өткізілуі мүмкін. | 10.2. В течение пяти месяцев по окончании финансового года Общество ежегодно проводит годовое общее собрание акционеров. Иные общие собрания акционеров являются внеочередными. Первое общее собрание акционеров может быть созвано и проведено после государственной регистрации выпуска объявленных акций и формирования системы реестров держателей акций. |
| 10.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында: | 10.3. На ежегодном Общем собрании акционеров: |
| 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі; | 1) утверждается годовая финансовая отчетность Общества; |
| 2) Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады; | 2) определяются порядок распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размер дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества; |
| 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады. | 3) рассматривается вопрос об обращениях акционеров на действия Общества и его должностных лиц и итогах их рассмотрения. |
| Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақының ағымдағы мөлшері және олардың құрамы туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлайды. | Председатель Совета директоров информирует акционеров Общества о текущем размере и составе вознаграждения членов Совета директоров и исполнительного органа Общества. |
| 10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы. | 10.4. Годовое Общее собрание акционеров вправе рассматривать и другие вопросы, принятие решений по которым отнесено к компетенции Общего собрания акционеров. |
| 10.5. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады: | 10.5. К исключительной компетенции Общего собрания акционеров относятся следующие вопросы: |
| 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту; | 1) внесение изменений и дополнений в Устав Общества или утверждение его в новой редакции; |
| 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; | 2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него; |
| 3) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау; | 3) определение порядка, предельных сроков и общего количества размещаемых (реализуемых) акций Общества или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции общества, без применения права преимущественной покупки; |
| 4) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату; | 4) добровольная реорганизация или ликвидация Общества; |
| 5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау; | 5) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества или изменении вида неразмещенных объявленных акций Общества; |
| 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ олардың өзгерісі; | 6) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение; |
| 7) Қоғамның жай акцияларға айырбасталатын | 7) принятие решений о выпуске ценных бумаг, |

| | |
|---|---|
| бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау; | конвертируемых в простые акции Общества; |
| 8) орналастырылған акцияның бір түрін акцияның екінші түріне айырбастау туралы шешім қабылдау; | 8) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий, сроков и порядка такого обмена; |
| 9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау; | 9) принятие решения о дроблении акций, определение условий, сроков и порядка такого дробления; |
| 10) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау; | 10) принятие решения о выпуске негосударственных облигаций без срока погашения и определение условий их выпуска; |
| 11) есеп комиссиясының сандық құрамы мен мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; | 11) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий; |
| 12) директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау; | 12) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание (переизбрание) его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений членам Совета директоров и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей; |
| 13) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау; | 13) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту; | 14) утверждение аудированной годовой финансовой отчетности; |
| 15) есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту; | 15) утверждение порядка распределения чистого дохода Общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества; |
| 16) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау; | 16) принятие решения о невыплате дивидендов по простым акциям Общества; |
| 17) Қоғамның акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау; | 17) принятие решения о добровольном делистинге акций Общества; |
| 18) Қоғамның заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысу немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау; | 18) принятие решения об участии Общества в создании или деятельности иных юридических лиц либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц путем передачи (получении) части или нескольких частей активов, в сумме составляющих двадцать пять и более процентов от всех принадлежащих Обществу активов; |
| 19) Қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын айқындау; | 19) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве общего собрания акционеров; |
| 20) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту; | 20) утверждение изменений в методику определения стоимости акций при их выкупе Обществом на неорганизованном рынке в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах»; |
| 21) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту; | 21) утверждение повестки дня Общего собрания акционеров; |
| 22) егер мұндай тәртіп Жарғыда айқындалмаса, акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру | 22) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности Общества, |

| | |
|---|---|
| тәртібін айқындау; | если такой порядок не определен Уставом; |
| 23) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою; | 23) введение и аннулирование «золотой акции»; |
| 24) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы.<br>Мыналар:<br>– нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;<br>– нәтижесінде Қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп проценті мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;<br>– Қоғамның Жарғысында ірі мәміле деп танылатын өзге де мәміле ірі мәміле деп танылады.<br>Мыналар:<br>– белгілі бір мүлікті сатып алуға немесе иеліктен айыруға қатысты белгілі бір тұлғамен не өзара үлестес тұлғалар тобымен жасалатын бірнеше мәміле;<br>– бір шартпен немесе өзара байланысты бірнеше шартпен ресімделетін мәмілелер;<br>– Қоғамның Жарғысымен немесе Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты мәмілелер деп танылатын өзге де мәмілелер өзара байланысты мәмілелер деп танылады; | 24) принятие решения о заключении Обществом крупной сделки, в результате которой (которых) Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов.<br>Крупной сделкой признается:<br>– сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет двадцать пять и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества;<br>– сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Обществом могут быть выкуплены его размещенные ценные бумаги или проданы выкупленные им ценные бумаги Общества в количестве двадцати пяти и более процентов от общего количества размещенных ценных бумаг одного вида;<br>– иная сделка, признаваемая Уставом Общества в качестве крупной сделки.<br>Взаимосвязанными между собой признаются следующие сделки:<br>– несколько сделок, совершаемых с одним и тем же лицом либо с группой аффилированных между собой лиц в отношении приобретения или отчуждения одного и того же имущества;<br>– сделки, оформляемые одним договором или несколькими договорами, связанными между собой;<br>– иные сделки, признаваемые как взаимосвязанные между собой Уставом Общества или решением общего собрания акционеров Общества; |
| 25) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер. | 25) иные вопросы, принятие решений по которым отнесены Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и (или) настоящим Уставом к исключительной компетенции Общего собрания акционеров. |
| 10.6. Жарғының 10,5-тармағының 2), 3), 4), 5) және 20)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен | 10.6. Решения Общего собрания акционеров по вопросам, указанным в подпунктах 2), 3), 4), 5) и 20) пункта 10.5. Устава, принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций Общества. |

| | |
|---|---|
| қабылданады.<br>Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және (немесе) Жарғыда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. | Решения Общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если действующим законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом не установлено иное. |
| 10.7. Жарғының 10.5-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.<br>10.8. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.<br>10.9. Жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.<br>10.10. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша кез келген шешімін бұзуға (өзгертуге) құқылы.<br>10.11. Акционерлердің Жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады. Кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысы:<br>1) Директорлар кеңесінің;<br>2) Ірі акционердің бастамасымен шақырылады.<br>10.12. Акционерлердің жалпы жиналысын:<br>1) Атқарушы орган;<br>2) өзімен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;<br>3) Директорлар кеңесі;<br>4) Қоғамның тарату комиссиясы әзірлейді және өткізеді.<br>10.13. Акционерлерге алда Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей хабарлануға тиіс.<br>Қаржы ұйымы болып табылатын Қоғам акционерлерінің, уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне | 10.7. Решение общего собрания акционеров по вопросу, указанному в подпункте 10) пункта 10.5. Устава, принимается простым большинством голосов от общего числа голосующих акций общества.<br>10.8. Решения общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и (или) Уставом Общества не установлено иное.<br>10.9. Решение о заключении Обществом крупной сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, принимается Общим собранием акционеров простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества.<br>10.10. Общее собрание акционеров вправе отменить (изменить) любое решение иных органов Общества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Общества.<br>10.11. Годовое Общее собрание акционеров созывается Советом директоров. Внеочередное Общее собрание акционеров созывается по инициативе:<br>1) Совета директоров;<br>2) Крупного акционера<br>10.12. Подготовка и проведение общего собрания акционеров осуществляются:<br>1) Исполнительным органом;<br>2) центральным депозитарием в соответствии с заключенным с ним договором;<br>3) Советом директоров;<br>4) Ликвидационной комиссией Общества.<br>10.13. Акционеры должны быть извещены о предстоящем проведении Общего собрания не позднее, чем за тридцать календарных дней, а в случае заочного или смешанного голосования - не позднее, чем за сорок пять календарных дней до даты проведения Общего собрания акционеров.<br>В случае проведения общего собрания акционеров Общества, являющегося финансовой организацией, в повестку дня которого включен вопрос об увеличении количества объявленных акций Общества в целях исполнения |

| | |
|---|---|
| Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, акционерлерге алдағы жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде он бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлануы тиіс.<br><br>Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы оның назарына жеткізілуге тиіс. Аталған мерзімдер акционерлердің жалпы жиналысын өткізілетіні туралы хабарлама жарияланған күнен бастап не оны жазбаша хабарлама түрінде акционерлерге жолдаған күннен бастап саналады.<br><br>Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз тасымалдаушыда немесе электрондық нысанда жолданады. | пруденциальных и иных, установленных законодательством Республики Казахстан норм и лимитов, по требованию уполномоченного органа акционеры должны быть извещены о предстоящем проведении общего собрания не позднее чем за десять рабочих дней, а в случае заочного или смешанного голосования - не позднее чем за пятнадцать рабочих дней до даты проведения собрания.<br><br>Извещение о проведении Общего собрания акционеров должно быть опубликовано на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности либо доведено до сведения акционера посредством направления ему письменного сообщения. Отсчет указных сроков, производится со дня публикации извещения о проведении общего собрания акционеров в средствах массовой информации либо даты его направления акционерам в виде письменных сообщений.<br><br>Письменное извещение о проведении Общего собрания акционеров направляется акционерам на бумажном носителе или в электронной форме. |
| 10.14. Егер:<br><br>1) кворум болмауынан өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;<br><br>2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, қайта шақырылған жиналысты өткізу бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысты өткізуге белгіленген күннен кейінгі келесі күннен бұрын белгіленбейді. Өтпей қалғанның орнына өткізілетін акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы. | 10.14. Проведение повторного собрания может быть назначено не ранее чем на следующий день после установленной даты проведения первоначального (несостоявшегося) Общего собрания. Повторное общее собрание акционеров, проводимое вместо несостоявшегося, вправе рассматривать вопросы повестки дня и принимать по ним решения, если:<br><br>1) был соблюден порядок созыва общего собрания акционеров, которое не состоялось по причине отсутствия кворума;<br><br>2) на момент окончания регистрации для участия в нем зарегистрированы акционеры (или их представители), владеющие в совокупности сорока и более процентами голосующих акций Общества, в том числе заочно голосующие акционеры. |
| 10.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбегейлі тізбесі қамтылуға тиіс.<br><br>Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:<br><br>1) Қоғамның акционерлері Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;<br><br>2) егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі | 10.15. Повестка дня Общего собрания акционеров формируется Советом директоров и должна содержать исчерпывающий перечень конкретно сформулированных вопросов, выносимых на обсуждение.<br><br>В повестку дня общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, могут вноситься:<br><br>1) дополнения, предложенные акционерами, владеющими самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, или Советом директоров при условии, что акционеры Общества извещены о таких дополнениях не позднее чем за пятнадцать дней до даты проведения Общего собрания;<br><br>2) изменения и (или) дополнения, если за их внесение проголосовало большинство акционеров (или их представителей), участвующих в Общем собрании акционеров и владеющих в совокупности |

| | |
|---|---|
| мүмкін. | не менее чем девяноста пятью процентами голосующих акций Общества. |
| 10.16. Акционерлердің жалпы жиналысының оның күн тәртібіне қосылмаған мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. | 10.16. Общее собрание акционеров не вправе рассматривать вопросы, не включенные в его повестку дня, и принимать по ним решения. |
| 10.17. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы. | 10.17. Общее собрание акционеров вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня, если на момент окончания регистрации участников собрания (на дату предоставления всех бюллетеней либо на дату окончания срока предоставления бюллетеней при проведении Общего собрания акционеров посредством заочного голосования) зарегистрированы акционеры (представители акционеров), включенные в список акционеров, имеющих право принимать участие в нем и голосовать на нем, владеющие в совокупности пятьюдесятью и более процентами голосующих акций Общества. |
| 10.18. Акционердің акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралып жатқан мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар. | 10.18. Акционер имеет право участвовать в Общем собрании акционеров и голосовать по рассматриваемым вопросам лично или через своего представителя. |
| 10.19. Атқарушы орган мүшелерінің акционерлердің жалпы жиналысына ационерлердің өкілі ретінде қатысу құқығы жоқ. | 10.19. Члены исполнительного органа Общества не имеют права выступать в качестве представителей акционеров на общем собрании акционеров. |
| 10.20. Қоғамның қызметкерлері акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы айқын нұсқаулар берілген сенімхатқа негізделген жағдайды қоспағанда, қатысуға құқығы жоқ. | 10.20. Работники Общества не имеют права выступать в качестве представителей акционеров на общем собрании акционеров, за исключением случаев, когда такое представительство основано на доверенности, содержащей четкие указания о голосовании по всем вопросам повестки дня общего собрания акционеров. |
| 10.21. Акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған адамдар, лауазымды адамдар және Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауға және өткізуге қатысатын Қоғамның жұмыскерлері қатыса алады, сондай-ақ сөз сөйлей алады. | 10.21. На Общем собрании акционеров могут присутствовать, а также выступать приглашенные лица, должностные лица, работники Общества, участвующие в подготовке и проведении Общего собрания акционеров. |
| 10.22. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркелмеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. | 10.22. До открытия Общего собрания акционеров проводится регистрация прибывших акционеров (их представителей). Акционер (представитель акционера) не прошедший регистрацию, не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании. |
| 10.23. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған кезде хабарланған уақытта ашылады. | 10.23. Общее собрание акционеров открывается в объявленное время при наличии кворума. |
| 10.24. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. | 10.24. Общее собрание акционеров проводит выборы председателя (президиума) и секретаря общего собрания. |
| 10.25. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір | 10.25. Общее собрание акционеров определяет форму голосования - открытое или тайное (по бюллетеням). При голосовании по вопросу об избрании председателя и секретаря Общего собрания акционеров каждый акционер |

| | |
|---|---|
| акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. | имеет один голос, а решение принимается простым большинством голосов от числа присутствующих. |
| 10.26. Акционерлер саны жүзден аз Қоғамда есеп комиссиясының функциясын акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. | 10.26. В Обществе с числом акционеров менее ста функции счетной комиссии осуществляются секретарем Общего собрания акционеров. |
| 10.27. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады. | 10.27. Общее собрание акционеров может быть объявлено закрытым только после рассмотрения всех вопросов повестки дня и принятия решений по ним. |
| 10.28. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалады. | 10.28. Решения Общего собрания акционеров могут быть приняты посредством проведения заочного голосования. Заочное голосование может применяться вместе с голосованием акционеров, присутствующих на общем собрании акционеров (смешанное голосование), либо без проведения заседания Общего собрания акционеров. Порядок принятия решений посредством заочного голосования определяется действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 10.29. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;<br>2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;<br>3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. | 10.29. Голосование на Общем собрании акционеров осуществляется по принципу «одна акция - один голос», за исключением следующих случаев:<br>1) ограничения максимального количества голосов по акциям, предоставляемых одному акционеру в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;<br>2) кумулятивного голосования при избрании членов Совета директоров;<br>3) предоставления каждому лицу, имеющему право голосовать на Общем собрании акционеров, по одному голосу по процедурным вопросам проведения Общего собрания акционеров. |
| 10.30. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткер үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткердің арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп үміткер тең дауыс санын алса, бұл үміткерлерге қатысты акционерлерге тең дауыс санын алған үміткерлерді көрсетіп, кумулятивтік дауыс беру бюллетенін беру арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі. | 10.30. При кумулятивном голосовании предоставляемые по акции голоса могут быть отданы акционерам полностью за одного кандидата в члены Совета директоров или распределены им между несколькими кандидатами в члены Совета директоров. Избранными в Совет директоров признаются кандидаты, за которых было отдано наибольшее количество голосов. Если два и более кандидата в члены Совета директоров набрали равное число голосов, в отношении этих кандидатов проводится дополнительное кумулятивное голосование путем представления акционерам бюллетеней кумулятивного голосования с указанием кандидатов, набравших равное число голосов. |
| 10.31. Дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама толтырылып, оған қол қойылады. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі. | 10.31. По итогам голосования составляется и подписывается протокол об итогах голосования. Итоги голосования Общего собрания акционеров или результаты заочного голосования доводятся до сведения акционеров посредством опубликования их на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности. |

| | |
|---|---|
| 10.32. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес толтырылып, оған қол қойылады. | 10.32. Протокол Общего собрания акционеров составляется и подписывается в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан в течение трех рабочих дней после закрытия собрания. |
| 10.33. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:<br>1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;<br>2) Қоғамның есеп комиссиясының мүшелері. | 10.33. Протокол Общего собрания акционеров подлежит подписанию:<br>1) председателем (членами президиума) и секретарем Общего собрания акционеров;<br>2) членами счетной комиссии. |
| 10.34. Егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке қабылдайды және егер бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасап әрі оларды шектемеген жағдайда, жазбаша түрде ресімделуі тиіс. | 10.34. В случае если все голосующие акции Общества принадлежат одному акционеру, общие собрания акционеров не проводятся. Решения по вопросам, отнесенным действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом к компетенции Общего собрания акционеров, принимаются таким акционером единолично и подлежат оформлению в письменном виде при условии, что эти решения не ущемляют и не ограничивают права, удостоверенные привилегированными акциями. |
| 10.35. Қоғам акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының отырысына Басқарма (Басқарма Төрағасы) бекіткен, Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысуға құқылы. | 10.35. Акционеры Общества вправе принимать участие в заседании Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, дистанционно с использованием информационно-коммуникационных технологий, определенных внутренними нормативными документами Общества, утверждаемых Правлением (Председателем Правления). |
| **11-ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ** | **ГЛАВА 11. СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ** |
| 11.1. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жасайтын Қоғамның органы. | 11.1. Совет директоров – орган Общества, осуществляющий общее руководство деятельностью Общества, за исключением решения вопросов, отнесенных действующим законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом к исключительной компетенции Общего собрания акционеров. |
| 11.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:<br>1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;<br>2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;<br>3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;<br>4) Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы | 11.2. К исключительной компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы:<br>1) определение приоритетных направлений деятельности Общества и стратегии развития Общества или утверждение плана развития Общества в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;<br>2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общего собраний акционеров, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан;<br>3) определение формы проведения общего собрания акционеров;<br>4) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев |

| | |
|---|---|
| қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін Қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау; | размещения акций посредством реализации акционерами права преимущественной покупки акций или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества, аукциона или подписки, проводимых на неорганизованном рынке ценных бумаг, либо подписки или аукциона, проводимых на организованном рынке ценных бумаг, а также посредством конвертирования ценных бумаг и (или) денежных обязательств Общества в акции Общества в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан; |
| 5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша мұндай сатып алу акционердің талабымен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда. Бұл жағдайда сатып алу Қоғамның уәкілетті органы бекіткен Акцияларды Қоғам сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады); | 5) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа (за исключением случаев, когда такой выкуп осуществляется по требованию акционера по основаниям, установленным законодательством Республики Казахстан. В этом случае выкуп осуществляется в порядке, установленном Методикой определения стоимости акций при их выкупе Обществом, утвержденной уполномоченным органом Общества); |
| 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту; | 6) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества; |
| 7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау; | 7) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске; |
| 8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасын мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; | 8) определение количественного состава, срока полномочий Правления, избрание его Председателя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий; |
| 9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақысының мөлшері мен еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау; | 9) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления; |
| 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің жұмыс тәртібін, еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы төлеу мөлшері мен талаптарын айқындау; | 10) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита; |
| 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшері мен еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау; | 11) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря; |
| 12) аудиторлық ұйымның қызметінің қаржылық есептілік аудиті үшін, сондай-ақ Қоғамның акциясын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының ақысының мөлшерін айқындау; | 12) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества либо являющегося предметом крупной сделки; |
| 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен | 13) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества (за исключением документов, принимаемых исполнительным органом в целях организации деятельности Общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок |

| | |
|---|---|
| тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту; | проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества; |
| 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту; | 14) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств Общества и утверждение положений о них; |
| 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау; | 15) принятие решения о приобретении (отчуждении) Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц; |
| 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; | 16) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу; |
| 17) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының он және одан көп пайызына көбейту; | 17) увеличение обязательств Общества на десять и более процентов от собственного капитала Общества; |
| 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау; | 18) определение информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну; |
| 19) оларды жасасу туралы шешім осы Жарғының 10.5.-тармағының 24) тармақшасына және 10.9.-тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау; | 19) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых Обществом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров Общества в соответствии с подпунктом 24) пункта 10.5 и пунктом 10.9. настоящего Устава; |
| 20) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы шешім қабылдау, олардың ережелерін, сандық құрамын белгілеу, комитеттердің мүшелерін, сондай-ақ комитеттердің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды белгілеу; | 20) принятие решения о создании комитетов Совета директоров, утверждения их положений, количественного состава, утверждения членов комитетов, а также внутренних документов регулирующих деятельность комитетов; |
| 21) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер. | 21) иные вопросы, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции общего собрания акционеров. |
| 11.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер осы Жарғыға сәйкес шешу үшін Қоғамның атқарушы органына берілмейді. | 11.3. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета директоров Общества в соответствии с настоящим Уставом, не могут быть переданы для решения исполнительному органу Общества. |
| 11.4. Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. | 11.4. Совет директоров не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с Уставом Общества отнесены к компетенции его исполнительного органа, а также принимать решения, противоречащие решениям Общего собрания акционеров |
| 11.5. Жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелері: | 11.5. Членом Совета директоров избирается физическое лицо. Члены Совета директоров избираются из числа: |
| 1) жеке тұлға акционердің; | 1) акционеров – физических лиц; |
| 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс | 2) лиц, предложенных (рекомендованных) к избранию в Совет директоров в качестве |

| | |
|---|---|
| берілген) тұлғалардың; | представителей акционеров; |
| 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын, Директорлар кеңесін сайлауға акционердің мүдделерін білдіру ретінде ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалардың арасынан сайланады. | 3) физических лиц, не являющихся акционером Общества и не предложенное (не рекомендованное) к избранию в Совет директоров в качестве представителя интересов акционера. |
| 11.6. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Қоғамның атқарушы органының басшысы Директорлар кеңесіне сайлана алады, бірақ Директорлар кеңесінің Төрағалығына сайлана алмайды. | 11.6. Выборы членов Совета директоров осуществляются акционерами кумулятивным голосованием с использованием бюллетеней для голосования, за исключением случая, когда на одно место в Совете директоров баллотируется один кандидат. Руководитель исполнительного органа Общества может быть избран в Совет директоров, но не может быть избран Председателем Совета директоров. |
| 11.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс. | 11.7. Количественный состав Совета директоров Общества определяется решением общего собрания акционеров в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан. Число членов Совета директоров Общества должно составлять не менее 3 (трех) человек. Не менее тридцати процентов от состава Совета Директоров Общества должны быть независимыми директорами. |
| 11.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің Жалпы жиналысы сайлайды, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Жарғыда өзгеше көзделмесе, шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады. | 11.8. Члены Совета директоров Общества избираются Общим собранием акционеров и могут переизбираться неограниченное число раз, если иное не предусмотрено действующим законодательством Республики Казахстан и Уставом. |
| 11.9. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қолданыстағы заңнамада, Жарғыда, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде және Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын, Қоғам айналысқа жіберуге бастамашы болған Қоғамның бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржасының ережесінде айқындалған мерзімге сайланады (қайта сайланады). | 11.9. Члены Совета директоров Общества избираются (переизбираются) на срок, определенный действующим законодательством, Уставом, Положением о Совете директоров Общества и правилами фондовой биржи, осуществляющей деятельность на территории Республики Казахстан и (или) иностранного государства, на которой обращаются ценные бумаги Общества, инициатором допуска к обращению которых было Общество. |
| 11.10. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады. | 11.10. Срок полномочий Совета директоров устанавливается Общим собранием акционеров. Срок полномочий Совета директоров истекает на момент проведения Общего собрания акционеров, на котором проходит избрание нового Совета директоров. |
| 11.11. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. | 11.11. Общее собрание акционеров вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Совета директоров. |
| 11.12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарламаның негізінде өз бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтатылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады (егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын бұзу күні көрсетілмесе). | 11.12. Досрочное прекращение полномочий члена Совета директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета директоров Общества. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров, если в уведомлении не указана дата досрочного прекращения полномочий члена совета директоров. |

| | |
|---|---|
| 11.13. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта аяқталады. | 11.13. В случае досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров избрание нового члена Совета директоров осуществляется кумулятивным голосованием, представленных на общем собрании акционеров, при этом полномочия вновь избранного члена Совета директоров истекают одновременно с истечением срока полномочий Совета директоров в целом. |
| 11.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. | 11.14. Председатель Совета директоров Общества избирается из числа его членов большинством голосов от общего числа членов Совета директоров Общества открытым голосованием. |
| 11.15. Төраға Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады. | 11.15. Председатель организует работу Совета директоров Общества, созывает заседания Совета директоров Общества и председательствует на них, организует на заседаниях ведение протокола в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 11.16. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасымен не:<br>1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;<br>2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;<br>3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның немесе<br>4) Ірі акционердің талап етуімен шақырылады. | 11.16. Заседания Совета директоров Общества созываются по инициативе его Председателя или исполнительного органа либо по требованию:<br>1) любого члена Совета директоров;<br>2) службы внутреннего аудита Общества;<br>3) аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; или<br>4) крупного акционера. |
| 11.17. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.<br>Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған кезде Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелерді телефондық, бейне және басқа байланыс жүргізу арқылы талқылауға құқылы. Осы тармаққа сәйкес жүргізілген талқылаулар ақпараттық сипатқа ие. Дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша дауыс берген кезде Директорлар кеңесінің мүшелері мұндай талқылау барысында білдірілген пікірлерге немесе оның нәтижелеріне байланысты емес. | 11.17. Совет директоров вправе принимать решения посредством заочного голосования по вопросам, вынесенным на рассмотрение Совета директоров.<br>При принятии решений посредством заочного голосования, члены Совета директоров вправе обсуждать вопросы, вынесенные на рассмотрение Совета директоров, посредством проведения телефонной, видео и иной связи. Обсуждения, проведенные в соответствии с настоящим пунктом, носят информационный характер. При голосовании по вопросам, вынесенным на голосование, члены Совета директоров не связаны мнениями, выраженными в ходе такого обсуждения или его результатами. |
| 11.18. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау тәртібі осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады. | 11.18. Порядок созыва и проведения заседаний Совета директоров и порядок принятия решений Советом директоров посредством заочного голосования определяется настоящим Уставом, внутренними документами Общества и законодательством Республики Казахстан. |
| 11.19. Директорлар кеңесінің отырысы жиілігі бір жылда бір рет Директорлар кеңесінің төрағасының анықтаған жерінде өткізіледі, ол туралы Директорлар кеңесі мүшелеріне осы Жарғының 11-тарауының 11.22-тармағына сәйкес хабарлайды. | 11.19. Заседания Совета директоров проводятся не реже одного раза в год в месте, определяемом председателем Совета директоров, о котором он уведомляет членов Совета директоров в соответствии с пунктом 11.22 главы 11 настоящего Устава. |
| 11.20. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы | 11.20. Порядок направления уведомления членам Совета директоров о проведении заседания |

| | |
|---|---|
| хабарлама жолдау тәртібін Директорлар кеңесі осы Жарғының 11- тарауының 11.22-тармағының ережелерін ескере отырып анықтайды. | Совета директоров определяется Советом директоров с учетом положений пункта 11.22 главы 11 настоящего Устава. |
| 11.21. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама Директорлар кеңесінің әр мүшесіне электрондық пошта және басқа байланыс құралдары арқылы Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін мынадай материалдарды:<br>1) күн тәртібіне қосылған мәселелерді талқылау үшін қажетті ақпаратты және/немесе материалдарды қоса тіркеп, отырыстың күн тәртібін;<br>2) отырыста талқыланатын барлық құжаттардың жобаларын және/немесе көшірмелерін;<br>3) Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетілген өзге құжаттарды қоса тіркеп, жолданады.<br>Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның атқарушы органына Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті. | 11.21. Уведомления членам Совета директоров о проведении заседания Совета директоров направляются каждому члену Совета директоров посредством электронной почты и других средств связи до даты проведения заседания Совета директоров с приложением следующих материалов:<br>1) повестка дня заседания с приложением информации и/или материалов необходимых для обсуждения вопросов, включенных в повестку дня;<br>2) проекты и/или копии всех документов, которые будут обсуждаться на заседании; и<br>3) иных документов, указанных во внутренних документах Общества.<br>Член Совета директоров Общества обязан заранее уведомить исполнительный орган Общества о невозможности его участия в заседании Совета директоров Общества. |
| 11.22. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмау керек.<br>Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум сақталғанда ғана Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібі мәселесін қарауға және шешімдер қабылдауға құқылы. | 11.22. Кворум для проведения заседания Совета директоров Общества должен быть не менее половины от числа членов Совета директоров Общества.<br>Заседание Совета директоров вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня только, если соблюден кворум для проведения заседания Совета директоров. |
| 11.23. Директорлар кеңесінің күн тәртібіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу үшін Директорлар кеңесі отырысының барлық қатысушы мүшелерінің дауыс беру жағдайларынан бөлек, оның отырысының күн тәртібіне қосылмаған мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім шығаруға құқығы жоқ. | 11.23. Совет директоров не вправе рассматривать вопросы, не включенные в повестку дня его заседания, и принимать по ним решения, кроме случаев, когда за внесение изменений и/или дополнений в повестку дня проголосовали все участвующие на заседании члены Совета директоров. |
| 11.24. Қоғамның директорлар кеңесінің отырысында шешімдер Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысына қатысушылардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болғанда Төрағаның даусы шешуші болады. | 11.24. Решения на заседании Совета директоров Общества принимаются простым большинством голосов присутствующих на заседании членов Совета директоров. При равенстве голосов членов Совета директоров, голос Председателя является решающим. |
| 11.25. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің мәміленің жасалуына мүддесі жоқ кем дегенде бір мүшесінің даусы қажет. | 11.25. Для принятия решения о заключении Обществом сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, необходимо наличие не менее одного голоса члена Совета директоров, незаинтересованного в совершении сделки. |
| 11.26. Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамасы оны өткізгеннен кейін жеті күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделеді және оған төрағалық етуші мен хатшы қол қояды. | 11.26. Протокол заседания Совета директоров Общества оформляется не позднее семи дней после его проведения в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан и подписывается председательствующим и секретарем. |
| 11.27. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысын кеш уақытқа және/немесе күнге кейінге қалдыруға құқылы. Директорлар кеңесінің отырысын кейінге қалдыру | 11.27. Члены Совета директоров Общества вправе отложить заседание Совета директоров на более позднее время и/или дату. Решение об отложении заседания Совета директоров |

| | |
|---|---|
| туралы шешім Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданып, хаттамада ресімделеді. | принимается простым большинством голосов членов Совета директоров, присутствующих на заседании и оформляется протоколом. |
| 11.28. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның атқару органының мүшесі емес Қоғам жұмыскері, оны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметінің аясында акционерлердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің Жалпы жиналысы отырыстарының дайындалуын және өткізілуін бақылайды, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды жасақтайды, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін бақылайды. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады. | 11.28. Корпоративный секретарь – работник Общества, не являющийся членом Совета директоров либо исполнительного органа Общества, который назначен Советом директоров Общества и подотчетен Совету директоров Общества, а также в рамках своей деятельности контролирует подготовку и проведение заседаний Общего собрания акционеров и Совета директоров Общества, обеспечивает формирование материалов по вопросам повестки дня Общего собрания акционеров и материалов к заседанию Совета директоров Общества, ведет контроль за обеспечением доступа к ним. Компетенция и деятельность Корпоративного секретаря определяются внутренними документами Общества. |
| 11.29. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуімен оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) оған хаттамадан және шешімнен Қоғамның уәкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғамның мөрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелерді беруге міндетті. | 11.29. Корпоративный секретарь по требованию члена Совета директоров обязан предоставить ему протокол заседания Совета директоров и решения, принятые путем заочного голосования, для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола и решения, заверенные подписью уполномоченного работника Общества. |
| **12-ТАРАУ. БАСҚАРМА** | **ГЛАВА 12. ПРАВЛЕНИЕ** |
| 12.1. Басқарма – Қоғамның атқарушы органы, Қоғамның ағымдағы қызметін басқарады. | 12.1. Правление – является исполнительным органом Общества, осуществляет руководство текущей деятельностью Общества. |
| 12.2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. | 12.2. Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не отнесенным законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества к компетенции других органов и должностных лиц Общества. |
| 12.3. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Қоғам оның Басқармасы Қоғамның белгіленген шектеулерін бұза отырып жасасқан мәмілелердің жарамдылығын, егер тараптар мәмілені жасасу сәтінде мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, даулауға құқылы. | 12.3. Правление обязано исполнять решения Общего собрания акционеров и Совета директоров. Общество вправе оспаривать действительность сделки, совершенной его Правлением с нарушением установленных Обществом ограничений, если докажет, что в момент заключения сделки стороны знали о таких ограничениях. |
| 12.4. Басқарма мен Басқарма Төрағасын Директорлар кеңесі сайлайды. Басқарманың сандық, жеке құрамын, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін Директорлар кеңесі айқындайды. Басқарма мүшелері болып акционерлер және Қоғамның акционері болып табылмайтын оның жұмыскерлері сайлана алады. | 12.4. Правление и Председатель Правления избирается Советом директоров. Количественный, персональный состав членов Правления, а также срок полномочий членов Правления определяется Советом директоров. Членами Правления могут быть избраны акционеры и работники Общества, не являющиеся его акционерами. |
| 12.5. Басқарма мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Қоғамның атынан Басқарма Төрағасымен жасасқан еңбек шартына Директорлар | 12.5. Функции, права и обязанности члена Правления определяются законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом, внутренними документами Общества, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Обществом. Трудовой договор от имени Общества с Председателем Правления |

| | |
|---|---|
| кеңесінің Төрағасы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасасқан еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Қоғамның Басқарма Төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ. | подписывается Председателем Совета директоров или лицом, уполномоченным на это Общим собранием акционеров или Советом директоров. Трудовой договор с остальными членами Правления подписывается Председателем Правления. Член Правления вправе работать в других организациях только с согласия Совета директоров. Председатель Правления Общества, не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица. |
| 12.6. Басқарманың отырысы Басқарма мүшелерінің біреуінің бастамасымен шақырылады. Басқарма отырыстары қажеттілікке қарай олардың өздері белгілейтін күндері, алайда сирек дегенде тоқсанына бір рет, Басқарма Төрағасының төрағалық етуімен, ол жоқ болған жағдайда оның орынбасарларының біреуімен өткізіледі. Басқарма отырысы қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Басқарма шешімдері қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының даусы шешуші болып табылады. | 12.6. Созыв заседания Правления проводится по инициативе одного из членов Правления. Заседания Правления проводятся по мере необходимости в дни, определяемые им самим, но не реже одного раза в квартал, под председательством Председателя Правления, а в случае его отсутствия – одним из его заместителей. Заседание Правления оформляется протоколом, который подписывается всеми присутствующими членами Правления. Решения Правления принимаются простым большинством голосов от общего числа присутствующих членов Правления. В случае равенства голосов при голосовании, голос Председателя Правления является решающим. |
| 12.7. Басқарма қызметін реттеу Қоғамның ішкі нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. | 12.7. Регулирование деятельности Правления осуществляется в соответствии с внутренними нормативными документами Общества. |
| 12.8. Басқарма Төрағасы мына өкілеттіктерге ие:<br><br>1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;<br><br>2) Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз іс-әрекет етеді;<br><br>3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды таныстыру құқығына сенімхаттар береді;<br><br>4) Қоғамның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау, орнын ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады (Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары мен айлықақыға қосылатын дербес үстемелердің мөлшерін белгілейді, Корпоративтік хатшыны, Басқарма құрамына кіретін және Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықақысы мөлшерін айқындайды;<br><br>5) өзі жоқ болған жағдайда өз міндеттемелерін орындауды тиісті бұйрықпен Басқарма Төрағасының Орынбасарларының біріне жүктейді;<br><br>6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттемелерді, сондай-ақ өкілеттік салаларын бөледі;<br><br>7) Қоғамның ішкі құжаттарын (құрылымын, Қоғам бөлімшелерінің міндеттері мен қызметін, | 12.8. Председатель Правления обладает следующими полномочиями:<br><br>1) организует выполнение решений Общего собрания акционеров и Совета директоров;<br><br>2) без доверенности действует от имени Общества в отношениях с третьими лицами;<br><br>3) выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами;<br><br>4) издает приказы о приеме, перемещении и увольнении работников Общества (за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Общества и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Общества, определяет размеры премий работников Общества, за исключением Корпоративного секретаря и работников, входящих в состав Правления и Службы внутреннего аудита;<br><br>5) в случае своего отсутствия соответствующим приказом возлагает исполнение своих обязанностей на одного из Заместителей Председателя Правления;<br><br>6) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами Правления;<br><br>7) определяет и утверждает внутренние |

| | |
|---|---|
| жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және т.б.), Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылғандарды қоспағанда, айқындайды және бекітеді; | документы Общества (структуру, задачи и функции подразделений Общества, должностные инструкции работников, положения о структурных подразделениях Общества и др.), за исключением отнесенных законодательством Республики Казахстан и Уставом к компетенции Общего собрания акционеров или Совета директоров; |
| 8) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау және бақылау мәселелерін бойынша Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындауы міндетті болатын ұйымдастыру-өкімдік құжаттарды шығарады; | 8) издает организационно-распорядительные документы, касающиеся текущей деятельности Общества, обязательные для исполнения всеми работниками Общества, в том числе по вопросам контроля и исполнения решений Общего собрания акционеров и Совета директоров; |
| 9) Қоғамның Директорлар кеңесімен алдын ала келісіп, мынадай мәмілелерді жасасады: | 9) с предварительного согласия Совета директоров Общества, заключает следующие сделки: |
| – Қоғамның қатысуымен сатуға, кепілге салуға немесе басқа да қамсыздандыруға қатысты немесе Қоғамға тиесілі бағалы қағаздарға қатысты қандай да бір құқықтарды беретін кез келген мәмілені немесе мәмілелердің жиынтығын; | – любая сделка или совокупность сделок с участием Общества в отношении продажи, залога или иного обеспечения, или предоставления каких-либо прав в отношении принадлежащих Обществу ценных бумаг; |
| – Қоғамның қарызды, оның мөлшеріне қарамастан, алуына немесе беруіне қатысты Қоғамның қатысуымен кез келген мәмілені немесе мәмілелердің жиынтығын; | – любая сделка или совокупность сделок с участием Общества в отношении получения или предоставления Обществом займа независимо от его размера; |
| – Қоғамның жұмыскерлеріне Қоғамның бағалы қағаздарына қатысты кез келген опциондарды беру; | – предоставление работникам Общества любых опционов в отношении ценных бумаг Общества; |
| 10) осы Жарғыда және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған өзге де қызметтерді жүзеге асырады. | 10) осуществляет иные функции, определенные настоящим Уставом и решениями Общего собрания акционеров и Совета директоров, внутренними документами Общества. |
| Басқарма Төрағасының орынбасары берілген өкілеттіктер шегінде өз құзіретіне қатысты мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы барысында Қоғамның атынан іс-әрекет етуге берілетін сенімхаттарға қол қоюға құқылы. | Заместитель Председателя Правления вправе подписывать доверенности на представление Общества в его отношениях с третьими лицами по вопросам, относящимся к его компетенции в пределах предоставленных полномочий. |
| 12.9. Қоғамның лауазымды адамдары: | 12.9. Должностные лица Общества: |
| 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады; | 1) выполняют возложенные на них обязанности добросовестно и используют способы, которые в наибольшей степени отражают интересы Общества и акционеров; |
| 2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауы немесе оны Қоғамның Жарғысына және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуі тиіс; | 2) не должны использовать имущество Общества или допускать его использование в противоречии с Уставом Общества и решениями Общего собрания акционеров и Совета директоров; |
| 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті; | 3) обязаны обеспечивать целостность систем бухгалтерского учета и финансовой отчетности, включая проведение независимого аудита; |
| 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды; | 4) контролируют раскрытие и предоставление информации о деятельности Общества в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан; |
| 5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға | 5) обязаны соблюдать конфиденциальность информации о деятельности Общества, в том числе в течение трех лет с момента прекращения работы в |

| | |
|---|---|
| міндетті. | Обществе, если иное не установлено внутренними документами Общества. |
| **13-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ** | **ГЛАВА 13. СЛУЖБА ВНУТРЕННЕГО АУДИТА ОБЩЕСТВА** |
| 13.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау үшін Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылады.<br><br>13.2. Ішкі аудит қызметін құру тәртібі және қызметі, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары және ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттары Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.<br><br>13.3. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.<br><br>13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы жайында соның алдында есеп береді. | 13.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Общества может быть образована служба внутреннего аудита.<br><br>13.2. Порядок создания и деятельности службы внутреннего аудита, размер и условия оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита определяются решением Совета директоров Общества.<br><br>13.3. Работники службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав Совета директоров и исполнительного органа.<br><br>13.4. Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Совету директоров Общества и отчитывается перед ним о своей работе. |
| **14-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ** | **ГЛАВА 14. ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ И АУДИТ ОБЩЕСТВА** |
| 14.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.<br><br>14.2. Басқарма жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.<br><br>14.3. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуі тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі акционерлердің жылдық жалпы жиналысында түпкілікті бекітіледі.<br><br>14.4. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі.<br><br>14.5. Қоғамның құжаттары, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың орналасқан жерінде белгіленген мерзім ішінде, нысанда және көлемде сақталады. Акционердің талап етуімен Қоғам оған осы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмесін қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ | 14.1. Порядок ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности Общества устанавливается законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности и стандартами бухгалтерского учета.<br><br>14.2. Правление ежегодно предоставляет Общему собранию акционеров годовую финансовую отчетность за истекший год, аудит которой был проведен в соответствии с законодательством Республики Казахстан об аудиторской деятельности, для ее обсуждения и утверждения. Помимо финансовой отчетности Правление представляет общему собранию аудиторский отчет.<br><br>14.3. Годовая финансовая отчетность Общества подлежит предварительному утверждению Советом директоров не позднее, чем за тридцать дней до даты проведения годового общего собрания акционеров. Окончательное утверждение аудированной годовой финансовой отчетности Общества производится на годовом Общем собрании акционеров.<br><br>14.4. Общество обязано проводить аудит годовой финансовой отчетности. Аудит Общества может проводиться по инициативе Совета директоров, Правления за счет Общества либо по требованию крупного акционера за его счет.<br><br>14.5. Документы Общества, в том числе финансовая отчетность Общества, хранятся в течение срока, в форме и в объеме, установленном в соответствии с законодательством Республики Казахстан по месту нахождения Правления. По требованию акционера Общество обязано предоставить ему копии документов, предусмотренных законодательством Республики |

| | |
|---|---|
| Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі. | Казахстан не позднее десяти календарных дней со дня поступления такого требования в Общество, при этом допускается введение ограничений на предоставление информации, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну. |
| **15-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ** | **ГЛАВА 15. ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ АКЦИОНЕРАМ ОБЩЕСТВА ИНФОРМАЦИИ О СВОЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРАМИ И ДОЛЖНОСТНЫМИ ЛИЦАМИ ОБЩЕСТВА ИНФОРМАЦИИ ОБ ИХ АФФИЛИИРОВАННЫХ ЛИЦАХ** |
| 15.1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын, Қоғам айналысқа жіберуге бастамашы болған Қоғамның бағалы қағаздары айналысқа түсетін қор биржасының ережесіне сәйкес ашылуға тиісті ақпаратты өз акционерлері мен инвесторларына жеткізуге міндетті. | 15.1. Общество обязано доводить до сведения своих акционеров и инвесторов информацию, подлежащую раскрытию в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и правилами фондовой биржи, осуществляющей деятельность на территории Республики Казахстан и (или) иностранного государства, на которой обращаются ценные бумаги Общества, инициатором допуска к обращению которых было Общество. |
| 15.2. Акционерлердің мүдделері қамтылған ақпарат, оның ішінде қаржылық есептілік:<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамға қолданылатын өзге де талаптарда (оның ішінде тізіміне Қоғамның бағалы қағаздары қосылған биржаның листингтік ережелерінде) айқындалған интернет-ресурстарда (https://dfo.kz) және (немесе) Қоғамның **https://ir.kaspi.kz** корпоративтік сайтында жариялау арқылы;<br>2) акционер жеке жазбаша өтініш білдірген кезде ақпарат беру арқылы акционерлерге жеткізіледі. | 15.2. Информация, затрагивающая интересы акционеров, в том числе финансовая отчетность, доводится до акционеров путем:<br>1) опубликования на интернет-ресурсах, определенных законодательством Республики Казахстан (https://dfo.kz) и иными требованиями, применимыми к Обществу (в том числе листинговыми правилами биржи, в список которой включены ценные бумаги Общества) и(или) на корпоративном сайте Общества **https://ir.kaspi.kz**;<br>2) предоставления информации при личном письменном обращении акционера. |
| 15.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның Басқарма Төрағасына жазбаша түрде өтініш білдіреді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам өтініш білдірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде талап етілген (талап етілген құжаттардың көшірмесін) ақпаратты акционерге беруге міндетті. | 15.3. Акционер в целях получения информации обращается к Председателю Правления Общества в письменной форме. Обращение акционера должно быть зарегистрировано в журнале учета входящих документов Общества. Общество обязано представить акционеру требуемую информацию (копии затребованных документов) в течение тридцати календарных дней со дня обращения. |
| 15.4. Қоғам құжаттардың көшірмелерін беру ақысының мөлшерін белгілейді және акционерге құжаттарды жеткізумен байланысты құжаттардың көшірмелерін дайындауға кеткен шығыстардың құнынан және шығыстарды төлеу ақысынан асып кетпейді. | 15.4. Размер платы за представление копий документов устанавливается Обществом и не может превышать стоимость расходов на изготовление копий документов и оплату расходов, связанных с доставкой документов акционеру. |
| 15.5. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалары үлестескені туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті. | 15.5. Физические и юридические лица, являющиеся аффилиированными лицами Общества, обязаны представлять Обществу в течение семи дней со дня возникновения аффилиированности сведения о своих аффилиированных лицах. |
| 15.6. Қоғамның лауазымды тұлғалары лауазымға қабылданған/сайланған күннен бастап 10 | 15.6. Должностные лица Общества обязаны в срок не позднее 10 рабочих дней до даты принятия/ |

| | |
|---|---|
| жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жазбаша түрде беруге міндетті. | избрания на должность представить в Общество информацию о своих аффилированных лицах. |
| 15.7. Ірі акционерлер Қоғамның акциясына меншік құқығын сатып алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қоғамға жазбаша түрде беруге міндетті. | 15.7. Крупные акционеры предоставляют Обществу информацию о своих аффилиированных лицах в письменном виде в срок не позднее 10 рабочих дней с даты приобретения права собственности на акции Общества. |
| 15.8. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өзгертілген күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей өздерінің үлестес тұлғалары жөніндегі ақпараттың өзгергені туралы хабарлауға міндетті. | 15.8. Акционеры и должностные лица Общества обязаны сообщать об изменениях информации по своим аффилиированным лицам в срок не позднее 10 рабочих дней с даты изменений. |
| **16-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ** | **ГЛАВА 16. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ ОБЩЕСТВА** |
| 16.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. | 16.1. Реорганизация Общества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) осуществляется в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан с учетом особенностей, установленных законодательными актами Республики Казахстан. |
| 16.2. Қоғам біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастырудан басқа, жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге алған сәттен бастап қайта ұйымдастырылған болып саналады. | 16.2. Общество считается реорганизованным с момента государственной регистрации вновь возникших юридических лиц, за исключением реорганизации в форме присоединения. |
| 16.3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес несие берушілермен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады. | 16.3. Решение о добровольной ликвидации Общества принимается Общим собранием акционеров, которое определяет ликвидационную процедуру по соглашению с кредиторами и под их контролем в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан. |
| 16.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот Қоғамды мәжбүрлеп таратуды жүзеге асырады. | 16.4. Принудительная ликвидация Общества осуществляется судом в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан. |
| 16.5. Соттың немесе жалпы жиналыстың Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады. | 16.5. Решением суда или Общего собрания акционеров о ликвидации Общества назначается ликвидационная комиссия. Ликвидационная комиссия обладает полномочиями по управлению Обществом в период его ликвидации и совершению действий, перечень которых определен законодательством Республики Казахстан. |
| 16.6. Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның несие берушілерінің өкілдері, Ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс. | 16.6. При добровольной ликвидации в состав ликвидационной комиссии должны быть включены представители от кредиторов Общества, представители крупных акционеров, а также иные лица в соответствии с решением Общего собрания акционеров. |
| 16.7. Қоғамды тарату рәсімі және оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс. | 16.7. Процедура ликвидации Общества и порядок удовлетворения требований его кредиторов регулируются действующим законодательством Республики Казахстан. При ликвидации Общества его объявленные, в том числе размещенные, акции подлежат аннулированию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. |
| 16.8. Мемлекеттік тізілімге тиісті жазба енгізілгеннен кейін Қоғам таратылған болып саналады. | 16.8. Общество считается ликвидированным после внесения соответствующей записи в |

| | |
|---|---|
| | государственный регистр. |
| **17-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ** | **ГЛАВА 17. ПРАВОВАЯ ОХРАНА СОБСТВЕННОСТИ ОБЩЕСТВА** |
| 17.1. Қоғамның меншік құқығы мен оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүргізіледі. | 17.1. Правовая охрана собственности Общества и принадлежащих ему прав осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. |
| **18-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **ГЛАВА 18. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 18.1. Егер осы Жарғының ережелерінің біреуі жарамсыз болса, бұл қалған ережелерді қамтымайды. Осы Жарғының қалған ережелерінің жарамсыздығы оның жалпы жарамсыз болуына әкеп соқтырмайды. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынасты реттейтін ережемен ауыстырылады.<br><br>18.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен енгізілуі мүмкін.<br><br>18.3. Осы Жарғыда көрсетілмеген Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттеледі. | 18.1. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, это не затрагивает остальных положений. Недействительность отдельных положений настоящего Устава не влечет его недействительности в целом. Недействительное положение заменяется юридически допустимым и регулирующим соответствующее отношение.<br><br>18.2. Изменения и дополнения в Устав, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, могут быть внесены по решению Общего собрания акционеров.<br><br>18.3. Вопросы, касающиеся деятельности Общества, не отраженные в настоящем Уставе, регулируются действующим законодательством Республики Казахстан. |

_______________________________//_______________

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,<br>Екі мың жиырма төртінші жылы бесінші желтоқсан.<br>Мен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі берген 2017 жылғы 18 сәуірдегі №17006761 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет ететін, Алматы қаласының нотариусы Джунусалиева Жанар Бакытжановна менің қатысуыммен Kaspi.kz АҚ-ның Басқарма төрағасының, Ломтадзе Михеил қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі мен өкілеттілігі, сондай-ақ Kaspi.kz АҚ-ның құқықтық қабілеттілігі тексерілді.<br><br>Тізілімде № 1485 болып тіркелді<br>Өндірілді: 4061 теңге<br>Нотариус | Республика Казахстан, города Алматы,<br>Пятое декабря две тысячи двадцать четвертого года.<br>Я, Джунусалиева Жанар Бакытжановна, нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии №17006761 от 18 апреля 2017 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления АО Kaspi.kz – Ломтадзе Михеила, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность АО Kaspi.kz проверены.<br><br>Зарегистрировано в реестре за № 1485<br>Взыскано: 4061 тенге<br>Нотариус |

ES1605787241205155451L20348A
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Нөмірленген және баулықталған
Пронумеровано и прошнуровано
28 парақта/страницах
Нотариус

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалы**

Қазақстан Республикасы 010000, Алмалы ауданы, Абай Даңғылы 111

**Филиал некоммерческого акционерного общества "Государственная корпорация" Правительство для граждан" по городу Алматы**

Республика Казахстан 010000, Алмалинский район, Проспект Абая 111

---

25.12.2024 №ЗТ-2024-06222280

Акционерное общество Kaspi.kz

На №ЗТ-2024-06222280 от 6 декабря 2024 года

Филиал Некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по городу Алматы на Ваше уведомление сообщает, что в Национальный реестр бизнес-идентификационных номеров внесены редакционные изменения. В случае несогласия с настоящим ответом, Вы вправе его обжаловать, в порядке, установленном ст.91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Заместитель директора (Филиал НАО "ГК"ПГ" по г.Алматы) **АМАНТАЙ КАРЖАС АБАЕВИЧ**

Исполнитель:

**ЕСМУРАТОВА ГУЛЬНУР ИБАЙДУЛЛАЕВНА**

тел.: 7771110031

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

---